

**Мамандық бойынша тест: 1-пән**

1. Ресейде алғаш рет көрмейтін балаларға арналған мектептің ашылуы

- A) 1807 ж.
- B) 1907 ж.
- C) 1917ж.
- D) 1817ж.
- E) 1873 ж.

2. Арнайы педагогиканың нысаны

- A) Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы білім беру үрдісі
- B) Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға қосу
- C) Арнайы мектептегі түзету шаралар жүйесі
- D) Жалпы білім беру мекемесіндегі біртұтас педагогикалық үрдіс
- E) Мүмкіндігі шектеулі тұлға

3. Оның этникалық ілімдерінде «бұзылу, қатыгездік, ақылсыздық ауытқушылық қатарында, ал бақытты өмір сүру үшін адамдар осындай қолайсыз жағдайлардан шектелген болуы керек» - деген

- A) Платон
- B) И. Кант
- C) Гераклит Эфесский
- D) Августин Аврелия
- E) Аристотель

4. Тірек-қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған балаларды әлеуметтік бейімдеу бағыты

- A) Арнайы педагогикалық көмекті қолдану арқылы әлеуметтік ортаға бейімделу
- B) Сырты ортаның қажеттілігіне байланысты өзіндік қорғаныс арқылы бейімделу
- C) Қоршаған ортаны бала қажеттігіне және баланың орта жағдайына бейімделуі
- D) Арнайы жағдайлармен қоса логопедиялық түзету көмектері арқылы бейімделу
- E) Сырты ортаның қарсылығына төтеп бере отырып, өзіндік мотивация арқылы бейімделу

5. Тәрбиенің өмір, еңбекпен байланыстылық қағидасы

- A) Толыққанды өмірге, мамандықты таңдауға, кәсіби еңбекке дайындаудың алғышарты
- B) Арнайы педагогикадағы тәрбие субъектілерін жас ерекшеліктеріне сәйкес қарастыру
- C) Арнайы білім беруде ұлттық білім беру стратегиясы мен жүйелердің жұмысын қажет ету
- D) Тәрбие процесінде орындауды талап етуден бұрын іске асыру жолдарын үйрету
- E) Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын нығайту

6. Эволюцияның бесінші кезеңінде (Н.Н.Малофеев бойынша) Ұлыбританияда (1981-1985) арнайы білім беру мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған дискриминацияға қарсы қабылған заң

- A) Зияты зақымдалған тұлғаларға көмек көрсету туралы Заң
- B) Орта және арнайы білім беру туралы уақытша заң
- C) Негізгі мектептің оқу жоспары туралы Заң
- D) Білім беру туралы актылер
- E) «Мүгедектердің құқығы туралы» Заң

7. Арнайы мектептегі білім беру мазмұны

- A) Оқу процесінде арнайы білім беру жағдайы
- B) Оқу процесінде негізгі оқыту әдісі пен тәсілдері
- C) Оқу процесінде танымдық дағдылары
- D) Оқу процесінде баланың игеретін білімі, іскерлігі, дағдысы
- E) Оқу процесінде оқушылардың игеретін таным процесі

8. Оқшауланудан біріктіруге дейінгі, яғни интеграцияға өту, мүмкіндігіне орай бірдей құқық беру кезеңі

- A) Эволюцияның бірінші кезеңі
- B) Эволюцияның бесінші кезеңі
- C) Эволюцияның төртінші кезеңі
- D) Эволюцияның екінші кезеңі
- E) Эволюцияның үшінші кезеңі

9. Есту қабілеті зақымдалған балаларға психологиялық-педагогикалық топтастыруды құрастырған

- A) Р.М. Боскис
- B) И.М.Соловьев
- C) С.А.Зыков
- D) Л.В.Нейман
- E) Л.С. Выготский

10. Біріккен Ұлттар Ұйымының (1948) бірінші мақаласының мазмұны
- A) барлық адамдар өзінің құқығымен және жетістігімен еркін, теңдей дүниеге келеді
  - B) дене және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, оларды әлеуметтік оңалту құқығына ие
  - C) қоғамдағы әрбір тұлға сол қоғамның қабылданған талаптарына сәйкес өмір сүруге міндетті
  - D) барлық тұлғалар заң алдында тең құқылы болғандықтан ешқандай дамусыз заңды теңдей қорғауы тиіс
  - E) кез-келген тұлға өмір сүруге, бостандыққа құқылы, жеке өміріне басқалардың қол сұқпауын талап етеді